

ӘЗИЗ НЕСИННІҢ САТИРАЛЫҚ БОЛМЫСЫ

Әлем әдебиетіндегі жарқын тұлғалардың бірі, түрік сатирасының атасы Әзиз Несиннің мұрасы бүгін де өзінің эстетикалық талғамы мен рухани танымын жоғалтқан жоқ. XX ғасырдағы сатира керуенінің көшбасшысы, бүкіл шығыс поэзиялық сатирасының шок жұлдызы бола білген сатириктің әдеби мұрасы тек түрік халқының емес әлем әдебиетінің жауһарына айналғаны шындық.

1915 жылы Бірінші дүниежүзілік соғыстың қызып жатқан шағында дүниеге келген жазушының шын есімі — Мемет Нусрет. Соғыс жылдары Осман империясының тағында кайзерлік Германияның одақтасы болған Мехмет VI билік құрған болатын. Соңғы осман әміршісі биліктен құлаған соң Түркия республикасының жаңа тарихы басталған еді.

Әзиз Несиннің пікірінше, «тек дүниеге келген уақыты ғана емес туған жері де сәтсіз» еді. Оның себебін жазушы: «Кедейлерге Стамбул маңындағы тынық та тыныш Мрамор теңізінде орналасқан Ханзадалар аралының бірі — Хейбеллиада өмір сүру тағдыр жазбаған. Бірақ әлемнің

мықтылары, шіріген байлары осынау жұмақ төрін жаздық резиденцияларымен өшекейлесе де кедейлерсіз, олардың мықты қолдарынсыз өмір сүре алмақ емес», — деп жазды. Міне, сондықтан да болашақ жазушының ата-анасы осы аралда қоныс тепкен.

Анасынан ерте айырылған Несинді 11 жасында Стамбулдағы Дарюшшефакқа, яғни орта білім алатын мектеп-интернатқа оқуға береді. 1934 ж. Түркияда кісі аты мен тегінің титулдары мен ескі формаларын жаңарту жайлы заң шыққанда жазушы өзіне «Несин» тегін тандайды. «Сен кімсің?» деген мағына беретін Несин тегін айтқанда «Адамдар менің тегімді айтқанда кім екенімді әр уақыт ойланып жүру үшін тандадым», — деп еске алады жазушы. Кезекті бүркеншік есімді ойластырғанда Несин өз әкесі Әзиздің есімін тандайды. Сатиралық әңгімелер мен саяси фельетондардың авторы енді Әзиз Несин есімімен танымал бола бастайды.

1939 ж. әскери-техникалық училищені тәмамдаған Несин Фракия, Карс аймақтарында әскери қызметте болады. 1944 ж. Анкарада бірнеше

ай Өнер академиясының курсың тындайды. Ол қашан да сәулет, театр, әдебиетке құмартты. Өмірден алған сабақтары енді көркем шығармаларына арқау болды. Бала жасынан жазушы болуды армандаған Әзизге әкесі жазушылық емес нан табарлық жұмыспен айналысу керек дейтін. Университетте білімін жалғастырғысы келгенімен Әзиз отбасын асырау үшін жұмысқа кіріседі. Журналистикаға келген Несин көптеген юморлық және сатиралық газет, журналдармен байланысады. Екінші дүние жүзілік соғыс жүріп жатқан кез. Түркия үкіметі бейтарап бағыт ұстанды. Бірақ оның көптеген мүшелері гитлерлік Германияны қолдаудан кет әрі емес еді. Елде пантюркизм толқыны пайда бола бастады. Фашистік элементтер белсенділік таныта бастады. Кез келген прогрестік бастамалар аяусыз жаншып тасталды. Түрмеге есімі әлемге әйгілі Назым Хикмет қамалады. Саяси күрес жолында ақын жалғыз емес еді. Осы сәтте түрік әдебиетінің демократиялық дәстүрінің басшысы, ең атақты прозаик Сабахаттин Алидің «Шайтан өз ішімізде» антифашистік романы жарық көрді. Атақты жазушы Суат Дервиштің «Мен неге Кеңестер Одағының досымын» публицистік кітабы жарияланды. Енді тарих алаңына жазушылардың жаңа толқыны шығады. Олардың көбісі саяси күрес жолында журналистік тәжірибеден өтіп, түрмеде шындалып, өмір университетінен дәріс алған болатын. Оларды біріктірген күш – халқының бақытты өмірі үшін күрес болды. Әдебиетті өмірді шындыққа айналдырудың белсенді құралына айналдыруға деген ұмтылыстары біріктірді. Сыншылар бұл жазушыларды «социалды реалистер» деп атады. XX ғ. 90-жылдарына дейін осы жазушылардың шығармашылығы түркі әдебиетіндегі басты ағымды айқындаған болатын. Әзиз Несин – осы толқынның ең көрнекті өкілі болды. Қаламдастары сияқты 40-жылдардағы Түркияның әлеуметтік-саяси құрылымын аяусыз сынға алуға мүмкіндік берген батырлық қасиетке ие болды. 1945 ж. үкімет ұйғаруымен демократиялық «Тан» газеті редакциясы талқандалғасын Әзиз Несин жалақысыз қалады. Ол күн көріс қамымен ұсақтүйек, кітап сатушысы, фотограф та болды. Түрлі жұмыс істей жүре жазуын доғармады. Түрлі жанрға қалам тербеді. Өз сөзінде Ә.Несин: «Мен жазған әңгімелердің саны көпшілікті таң қалдырады. Әңгімелерімнің саны екі мыңнан асады. Мұның таң қаларлық несі бар? Егер мен асырайтын отбасы он емес жиырма адамнан асса мен екі есе көп жазуға мәжбүр болар едім», – дейді.

Өйткені оның ойдан қойған есімімен жазған шығармаларын ешбір баспагер жариялауға келісе қоймас еді. Сондықтан оған бүркеншік есімді пайдалануға тура келді. Жазушы екі жүзден астам бүркеншік есім пайдаланғандықтан оны айыру қиынға түсетін. Жазушы өз естеліктерінде: «Қызы мен ұлының есімдерін – Оя, Атеш біріктіріп балаларға арналған кітап шығардым. Ол кітапты ашық сабақ кезінде барлық мектептерде оқыды. Ешкім де ол кітаптың авторын Оя Атеш емес Әзиз Несин екендігін білмеді. Бір әңгімемді француз есімімен шығардым, ол «Әлемдік юмор антологиясына» еніп, кітапта Франция елінің атымен танылды. Келесі әңгімемде қытай есімімен шықтым, бұл шығарма қытай тілінен аударма деп берілді, – дейді. Бірде Ә.Несин американдық юмористер конкурсына қатысып, құрметті сыйлыққа ие бола тұра американдық азамат болмағандығы үшін сыйлықтан құр қалады.

1946 ж. Ә.Несин Сабахаттин Алимен танысады. Оларды идеялық-саяси және эстетикалық көзқарастары жақындастыра түседі. Екеуі бірлесіп «Марко-паша» сатиралық апталық шығара бастады. Басылым аты халық арасында Марко Апостолиди есімді адамның құрметіне қойылды. Өзінің адалдығымен өділдігімен, кішіпейілдігімен әйгілі дәрігер, қоғамдық қайраткер Марко XIX ғ. Стамбулда өмір сүрген. Апталық халықаралық және ел ішіндегі маңызды жаңалықтарды жариялап отырды. Билік басындағы партияның әрекеттерін сынады, кейбір саяси қайраткерлерді күлкіге айналдырды, шаруалар мен еңбекқорлардың қайғысына қынжылды. Барлық материалдардың авторы негізінен Әзиз Несин болды. Апталықты үкімет «тыныштықты бұзушы» деп есептеп журналды бірнеше рет жапты. Әйтсе де басылым «Әйгілі паша», «Аруақ паша», «Біздің паша» сияқты басқа аттармен жарық көріп отырды. «Паша» тек қана екі жазушыны, журналдың иесі ретінде Сабахаттин Али мен Әзиз Несиннің мақалалары үшін түрмеге жапқан соң жабылды. Әзиз Несиннің министр портфеліне ұмтылған парламент мүшесінің жағымсыз әрекеттерін аяусыз сынап, жоғары мемлекеттік билік органына моральдық нұқсан келтірген мақаласы және Түркияға көмек түрінде ұсынған, шын мәнінде, елді америкалық капиталға тәуелділікке кіріп-тарлыққа енгізуді көздеген Трумэннің Доктринасын қатты сынға алған «Біз қайда барамыз?» брошюрасы үшін түрмеге қамалды. Жазушы жарты жылға Бурсу қаласына жер аударылды. Оған журналистикамен айналысуға тыйым салынды.

Кейіннен Әзиз Несин бірнеше рет сот алдына жауапқа тартылды. Жалпы алғанда жазушының алты жылы тар қамалда өтеді.

Жазушы өзінің «Жер аударылғанның естеліктері» автобиографиялық кітабында Бурсудағы айдаудағы ауыр күндерін баяндай отырып ирониялап былай деп жазды: «Біздің әкелеріміз өздері қатысқан соғыс және күрес жайлы мақтанышпен айтып отыратын. Біз мұндай естеліктерден адамыз. Балаларымызға біз тек полиция, түрме, сот, тергеу жайлы ғана айта аламыз».

«Түрме» тақырыбы демократиялық бағыттағы әрбір түрік жазушысының шығармашылығына тән болуы кездейсоқ емес еді. Бұл тақырып олардың ресми саясат, идеология мен мәдениетке оппозициялық көзқарастарын тағы бір дәлелдей түссе керек. Айдаудан Стамбулға оралған Әзиз Несин Сабахаттин Алидің өмірден өткенін біледі. Түркияның ең адал, ең дарынды жазушыларының бірі қатыгездікпен өлтірілген болатын. Сабахаттин Алиді жазалау Әзиз Несинді қорқыта алмады. Ол қайтадан жазушылықпен айналысты, өз журналдарын шығарды. 1956 ж. әйгілі жазушы Кемал Тахирмен бірге «Дюшюн» атты кітап баспасын ашты. Онда көптеген түрік авторларының кітаптары жарық көрген болатын. Әзиз Несиннің баспагерлік тәжірибесі жеке мүддеден жоғары тұрды. Жазушының азаматтық сезімталдығы қоғамдық мұқтаждықтан туындаған шығармаларға өмір берді. Қоғамдық қажеттіліктен Әзиз Несиннің әдеби жылдық қоры құрылды. Мыңнан астам беттен тұратын жыл сайынғы жинақта 1976 жылдан бастап Әзиз Несин белсенді қоғамдық-саяси өмірге араласқанға дейін ондаған жылдар бойы жарық көрді. Жылдық жинақта жыл бойғы көп саласы бай түрік пресасындағы отандық әдебиет жайлы, проза, поэзия, балалар әдебиеті, театр, көркем өнер жайлы жылдық шолулар және т.б. материалдар үзбей жарияланды. Қаржы жағынан алғанда бұл кәсіп пайда әкелмесе де баспа басшылары саналы түрде болашақ үшін пайдалы іс екендігін түсіне білді. 1956 ж. Әзиз Несин аты бүкіл әлемге танымал болды. «Хамди-Піл қалай ұсталды» новелласы үшін оған Италиядағы юморист жазушылардың халықаралық конкурсының ең жоғары марапаты — «Алтын шынар» сыйлығы берілді. Келер жылы Әзиз Несин тағы да «Қазанға бағыпталған қонақасы» новелласы үшін және алды. Осыдан кейін түрік газет, журналдары атақты жазушыға өз басылымдарынан арнайы бет ұсына бастады. 1959 жылы «Мен Ататүрікпен өңгімелестім» деген памфлеті

Түркия Журналистер одағының сыйлығына лайық деп табылды. Мұнан соң Болгариядағы юмористер конкурсында «Отаншылдық парыз» сықақ өңгімесі үшін «Алтын кірпі» жүлдесіне, «Ол көшпейтін болды» деген өңгімесі үшін «Крокодил» журналының халықаралық сыйлығы, «Миллиет» газетінің негізін салушы Али Неджми Караджанды еске алу конкурсында «Қарагөз» пьесасы үшін газеттің сыйлығы, «Чичу» пьесасы үшін Түркі лингвистикалық қоғамының сыйлығы және т.б. көптеген сыйлықтар берілді. Әзиз Несин тек қана көптеген мақала, өңгіме, эссе, фельетон, новелла, роман, ертегілердің авторы ғана емес ол әрі қоғам қайраткері, әрі елдегі әдеби күштің керемет ұйымдастырушысы бола білді. Оның бастамасымен 1976 жылы ұлттық мақтанышқа айналған ақынның шығармашылығын зерттеуге, насихаттауға шақыратын «Назым Хикмет қоғамы» мен термоядролық соғысқа қарсы және америкалықтардың Түркияға келуіне қарсы «Бейбітшілікті қолдаушылар одағын» құрды. Әзиз Несин Азия және Африка елдері жазушыларының ынтымақтастығы қозғалысының белсенді қатысушысы болды. Ол «Лотос» сыйлығының иегері. Он үш жыл бойына (1976—1989 жж.) әдебиетшілердің авторлық құқықтарын қорғаумен қатар революциялық идеяларға сусындаған социалдық әдебиетті каналушы адамның мүддесін қорғауға шақыратын «Түркия жазушыларының синдикатын» басқарды. 1980 ж. мемлекеттік төңкерістен кейін Синдикаттың қызметі басқа да кәсіподақтармен бірге тоқтатылды, шын мәнінде жабылды. Оның он жеті басшысы «коммунистік қызметі мен насихаты» үшін кінә тағылып, сотқа тартылды. Оларға Назым Хикметті еске алу құрметіне арналған мыңдаған адамның митингісін ұйымдастыру мен «Бейбітшілікті қолдаушылар одағымен» ынтымақтастығы үшін, ал Әзиз Несинге Бурсуда айдауда болған «Біз қайда барамыз?» брошюрасы үшін тағы да айып тағылды. Мемлекеттік прокурор әдебиетшілерді сегіз жылдан он жеті жылға дейін түрмеде жазасын өтеуді талап етті. Түркиялық газеттерде алдағы сот процесі жайлы хабар жарияланғанда Әзиз Несин Мәскеуде емделіп жатқан еді. Осы хабарды алған жазушы прокурорға сауыққан соң еліне оралатынын, жолдастарымен бірге жазаны бөлісетінін білдірді.

Жазушы өмілдікті қорғау жолындағы тәжірибелері Синдикат басшыларын жазықсыз жазалаудан ақтап алуға көмегін тигізеді деп санады. Бірнеше жылға созылған сот процесі сотталушы-

лардың ақталуымен аяқталды. Түркияға оралған Несин қоғамдық-саяси қызметке белсене кіріседі. Ол өз сөзінде: «Егер елде бәрі тыныш болса, онда мен саясатқа емес уақытымды жазушылыққа арнар едім», — дегені бар. Ол көптеген саяси актілердің бастаушысы болды.

1984 ж. 13 мамырда 1300 түрік зиялылары ел президентіне петиция жолдады. Онда түрмеде қорлауды шектеу, өлім жазасын жою, саяси қамалғандарды (1980 ж. 12 қыркүйектегі төңкерістен кейін, ресми мәліметтер бойынша, түрмеге 100 мыңнан астам адам түскен болатын) босату, баспасөз, кәсіподақтар қызметіне бостандық жайлы талаптар қойылды. Петиция Адам құқығы қоғамын құруға негіз болды. Әзиз Несиннің ықпалымен қоғам заңды түрде қызмет етіп, біраз уақыт өткен соң ел парламентіне саяси қамалғандарды босату мен өлім жазасын жою жайлы талап қойылған петициясын жолдады.

1985 ж. «Мәдениет саласында ғылыми зерттеулер жүргізу, жобалар жасау, кеңес беру, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу жөніндегі акционерлік компания» ресми түрде ресімделді. Осы оқиға жайлы айтылған құжатқа компания президенті ретінде Әзиз Несин қол қойды. Түрлі саяси көзқарастағы адамдар акционерлер қатарына ене алатын. Олар заңды түрде компания ұйымдастырып, ұлттық мәдениет тағдырына өсер етуге және осы саладағы ресми саясатқа қарсы тұра алатын еді.

1986 ж. сәуірде 13,5 мың Түркия азаматы премьер-министр мен парламент төрағасына жолданған «Нан және бейбітшілік» петициясына қол қойды. Онда Республика болғалы бері ең дағдарысты кезеңді бастан өткеріп отырған Түркия, халық жаппай кедейленіп жатқан тұста, «не еліне, не халқына пайда әкелмеген экономикалық жүйе өзгеруі тиіс» делінген. Сол жылы Түркия-Грекия достығы одағы құрылды. Ұйымдастыру комитетінің арызында Біріккен Ұлттар Ұйымы принциптері негізінде не Түркия халқы, не Грек халқы шеше алмайтын проблема жоқ делінген. Одақтың құрылуы екі ел арасындағы шиеленісті әлсіретуді, «халықтар мүдесіне» сәйкес келмейтін жағдайды жеңілдетуді мақсат етті.

1988 ж. Түркиядағы демократияның дамуында, саяси күштердің ынтымақтасуына куә болған демократияны жақтаушылардың I съезі болды. Съезді ашу сөзінде Әзиз Несин «Оншылдар мен солшылдар барлық мәселе бойынша барлық деңгейде өзара күрес жүргізгеніне таң қалмау керек. Бірақ біз бір елдің, бір жердің ұлдары

екенімізді ұмытпауымыз керек. Бәрімізге ортақ құндылықтар барын мойындаймыз. Мысалы, ұлттық тәуелсіздік пен ұлттық абырой мәселесінде біз біргеміз. Біз еліміздегі демократияның негізгі принциптері нығаюы үшін де бірігуіміз керек. Біз осы мақсатқа жететін жолды таңдағанда айырыламыз. Бірақ егер біз елімізді жанарған әрі өркениетті ел ретінде көргіміз келсе, онда бізге ынтымақ керек», — деген еді. Барлық бастамалары үшін Әзиз Несин мен оның жақтастары сотқа тартылды. Бірақ көбінде айыптаулар ақтау үкімдерімен аяқталды. Әзиз Несин заңды жетік білді, заң шеңберінде өрекет етті. Ол ерлік пен мықты логикасының арқасында барлық айып пен жазалаудан құтылып отырды.

Әзиз Несиннің ұлттық мемлекетті нығайтуға бағытталған, елдегі демократиялық бостандықтың дамуына арналған белсенді қоғамдық қызметі түрік ислам фундаменталистері тарапынан ашу тудырды. Әзиз Несиннің Салман Рушдидің «Шайтан өлендерін» жариялауға уәде беруі олардың ерекше ызасын келтірді. Фундаменталистердің ызасы газет беттерінен 1993 ж. 2 шілдеде Түркия халқының софы ақыны Султан Абдалға арналған мерекені ашу салтанатында Сивас қаласы көшелерінде өрши түсті. Қалаға елдің барлық түкпірінен халық жиналды. Бұған барлық түрік зиялылары келді деуге болады. Жергілікті пресса алевит-векташи (ислам шейіттері) поэзиясының дәстүріне айналған және осы қозғалысқа қатысқаны үшін дарға асылған ақын есімін қастерлеуге ниет еткен «дінсіздерге» қарсы науқан жүргізді. Қала көшелерінде «дінсіздерге қарсы жихатқа» шақырған парақшалар таратылды. Жұма намазынан кейін «дін жолындағылар» ақын ескерткішін сындырып, оның қалдықтарын өртеу үшін ескерткіш тұрған алаңға лап қойды. Өршеленген адамдар бірнеше сағат бойы шу көтеріп, жергілікті театрда Назым Хикметтің пьесасын түсіру жайлы талаптарын қойды. Мерекелік жәрмеңкеге қойылған кітап сөрелерін бұзып, фундаменталистік лозунгтарды көтеріп айқайлады. Жиналғандар Әзиз Несинге өлім жолдауды да ұмытпады. Кешке таяу өнер адамдары тозақ оттарында өлуі тиіс деп санаған олар келген қонақтар орналасқан қонақүйге қарай бет алды. Үй терезелеріне тас, от лақтырған адамдар ғимаратты лезде отқа орады. 37 адам ортағасырлық айуандықтың құрбаны болды. Олардың ішінде әйгілі әдебиет сыншылары, ақындар, жас халық әншілері, балалар бар еді. Осы трагедиялық сәтте Әзиз Несин кездейсоқ қонақүйде болмай шықты.

Өкініштісі, ислам фундаменталистерінің ашу-ызасынан Әзиз Несиннің жерленген жері баласы Әлиден басқа ешкімге белгісіз.

Әзиз Несин артына қомақты әдеби мұра, Вақыф қорын қалдырып, сексен жасқа келіп қайтыс болды (1995). Стамбулдан алпыс шақырым жерде, Чаталдж мекеніндегі жеміс-жидек бағына оранған төрт қабатты ғимарат үй бар. Бұл өлемге өйгілі жазушының қала маңындағы үйі емес. Бұл жазушының қорына салынған 85 орындық жетім балалар мен кедей балаларына арналған интернат. Мұнда балалар үш жастан бастап он жеті жасқа дейін оқып, білім алады. Ерекше дарындылары жоғары оқу орнына түседі. Жазушы бүкіл қаламақысын осы интернатқа өсиет етіп қалдырған. Ол өзінің төрт баласына нандарын адал еңбекпен табу керектігін айтатын. Әзиз Несин қоры мен интернатты өкесінің өтініші бойынша үлкен ұлы Әли басқарады.

Дарынды жазушы, парасатты азамат, елдегі демократия үшін аянбас күрескен сатирик мұрасы бүгінде бүкіл адамзатқа ортақ рухани құндылық болып саналады. Ә.Несин өмірінде тек журналистік, жазушылық өнермен айналысып қоймады. Оның өмір сүрген уақыты елдегі түрлі

саяси оқиғалардың белең алған шағына тура келді. Ол сатиралық қаруымен Түркия қоғамындағы кеселдерді аяусыз әшкерелей білді. Оның қолындағы сатира енді хирургтың алмас пышағына айналды. Тамырын тереңге жайған саяси-өлеуметтік теңсіздіктер Несиннің «Зебюк» романы мен екі мыңнан астам сатиралық әңгімелері, фельетондары мен новеллаларына арқау болды.

Әзиз Несиннің қоғамдық қызметі ғана емес, оның әрбір өмірдегі әрекеті өз шығармаларындағы идеалдарын өмірде жүзеге асыруға ұмтылысының куәсі болса керек. Оның эстетикалық, азмагтық, өмірлік принциптері еш уақыт ажырмайтын халқының бақытына айналды.

ӘДЕБИЕТ

1. *Несин А.* Рассказы для Вас. М.: Художественная литература, 1976.
2. *Несин А.* Избранное. Гл. редакция. Восточной литературы. М., 1974.
3. *Несин Ә.* Өзің кінәлі // Аударғандар: Қ. Мұхаметжанов, Е. Домбаев, О. Әубәкіров. Алматы: Жалын, 1980.
4. *Несин Ә.* Футбол королі // Аударған Ф. Қабышев. Алматы: Жазушы, 1987.
5. *Қабышев Ф.* Қалыңыз қалай? Алматы: Жазушы, 1986.